

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

050301 «ЗАҒТАНУ»  
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ОҚУ КЕШЕНІ

**«КРИМИНАЛИСТИКА»**

**пәнінен**

**(СИЛЛАБУС)**

**Павлодар 2009**

**БЕКІТІЛДІ**

ОӘЖ және БС проректоры  
б.ғ.к., профессор  
\_\_\_\_\_Л.С.Комардина

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2009 ж.

Құрастырушы: доцент А.С. Өмірбаев

“АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ” КАФЕДРАСЫ  
«КРИМИНАЛИСТИКА»

пәні бойынша күндізгі және сырттай оқу бөлімінің  
050301 «Заңтану» мамандығында жалпы орта, арнайы орта және жоғары білім  
негізінде оқитын студенттерге арналған

**ҒЫЛЫМИ-ОҚУ КЕШЕНІ**  
**СИЛЛАБУС**

Базалық ббілім	Жалпы орта		Арнаулы орта			жоғары
	күндізгі	сырттай	күндізгі	кешкі	сырттай	сырттай
Оқу түрі						
Семестр	5	5	3	4	5	5
Дәрістер	30	20	30	30	10	14
Практикалық сабақтар	15	4	15	15	2	2
ОСӨЖ	45	-	45	-	-	-
СӨЖ	4	111	45	50	123	119
Бақылау түрі	емтихан	емтихан	емтихан	емтихан	емтихан	емтихан

Силлабус Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты ҚР МЖМБС №3.08.279-2006  
Астана – 2006 ж. негізінде жасалған.

«БжҚ» факультетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданған және баспаға ұсынылған.  
Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2009 жыл

«БжҚ» факультетінің ҒӘК төрағасы  
э.ғ.к., профессор \_\_\_\_\_ Мурзина Р.З.  
«Азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық» кафедрасының мәжілісінде бекітілді.  
Хаттама № \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2009 жыл

Кафедра меңгерушісі  
з.ғ.к., доцент \_\_\_\_\_ Ибрагимова Т.А.

КЕЛІСІЛДІ  
АӘБ бастығы  
п.ғ.к., профессор \_\_\_\_\_ Ушакова Н.М.

### Байланыс ақпараты:

Оқытушының аты-жөні	Сабақ өткізудің уақыты мен орны			Байланыс жасау ақпараты
	Дәріс	Тәжірибе шілік		
Өмірбаев Алтынбек Сағындықұлы доцент	Корпус 3, 307-ауд.	Корпус 3, 303, 307- ауд.		«Азаматтық-құқықтық және қылмыстық-құқықтық» кафедрасы жұмыс тел. 45-22-11 (ішкі 126) Кеңес беру уақыты: кафедраның кеңес беру кестесі бойынша

### ТҮСІНІКТЕМЕ

Криминалистика бағамын оқу арқылы студенттер қылмыстың алдын алып, әшкерелеуде қолданылатын криминалистикалық құралдар мен әдіс-тәсілдерді білікті пайдалануды оқып үйренеді.

Типтік бағдарламаны дайындау барысында құқықтың тәртіпті нығайту және қылмыспен күрес жолындағы құқық қорғау қызметкерлерінің жұмысын жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасы Конституциясының, Ішкі Істер органдары туралы Заңының, заңды күші бар, Ел басы Жарлықтарының, Үкімет қаулыларының қағидалары, сондай-ақ Прокуратура, Жоғары Сот Пленумының, Білім және Ғылым Министрлігінің нормативтік актілері, сондай-ақ, Жоғары арнайы білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарт қағидалары ескерілген.

Еліміздегі құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыспен күресте қолданылатын криминалистикалық әдіс-құралдардың тәжірибелік бағытын аталмыш бағдарлама анық беріп отыр.

"Криминалистика" пәнін оқып білу келешек құқық қорғау органдарының мамандарына қажет екендігін, студенттермен алғашқы күннен ұғынуы - ең бастапқы талаптардың бірі болып саналады.

Криминалистика бағамының бағдарламасы осы және басқа да ғылым салаларындағы теориялық ойларды жетік меңгеріп, оларды тергеуші, анықтама органы және криминалистикалық бөлім қызметкерлеріне арналған тәжірибелік нұсқаулармен байланыстырады.

Бағдарлама, Қазақстан және басқа да мемлекет жоғары оқу орындарында "Криминалистика" бағамын оқытудың көпжылдық тәжірибесін талдау негізінде және қоғамдық өмір жағдайын жан-жақты бағалай білетін, қажетті кәсіби білім және дағдымен қамтамасыз етілген, сондай-ақ жоғары дәрежелі қазіргі заман мамандарын дайындау талаптарына сай құрастырылып отыр.

Типтік бағдарламаның негізгі элементтерінің біріне пәннің тақырыптық жоспарын жатқызуға болады, оның ішінде қажетті тараулар мен тақырыптар тізімі орын алған.

Негізгі сабақ түрлері болып дәріс, семинар, практикалық және лабораториялық сабақтар есептеледі. Практикалық және лабораториялық сабақтарды жүргізу барысында оқу топтары екі топшаға бөлінеді. Оларды жүргізу кезінде қажетті техникалық-криминалистикалық құралдар, оқу-әдістемелік кабинеттері мен сурет шығару лабораторияларындағы құрылғылар, оқу-криминалистикалық объектілер, криминалистикалық полигондар мүмкіндіктері, қылмыстық іс көшірмелері, оқытудың техникалық жабдықтары және тиісті насихаттық материалдар пайдаланылады. Өздігінен дайындық үстінде студенттер әдебиеттерді оқумен қатар, оқу деңгейіне тиісті практикалық тапсырмаларды орындайды.

Оқу процесінде қылмыспен күреске қатысты еліміздің және шетелдік құқық қорғау

органдарының озық тәжірибесі мен жаңа криминалистикалық техниканы қарастырып-зерттеу көзделген.

Бағдарламаға әдебиеттер тізімі және тематикалық жоспар қосымша ретінде енгізілген. Тематикалық жоспар нақтылы тақырыптарды оқу ретіне және сабақтар нысанына берілген сағаттарға бағдарлайды.

#### **Студенттер білуге міндетті:**

- қазіргі қазақстандық құқық жүйесі мен даму тарихын бейнелейтін криминалистиканың өзекті және басты проблемеларының теориясы және практикасы жайында;
- қылмысты ашудағы бірден бір қажет осы пәннің қатынастарын айқындайтын криминалистика теориясының негізгі амалдарын;
- криминалистиканың қылмысқа қатысушылар, дәлелдеме және дәлелдеу, қылмыстық іс жүргізуді мәжбүрлеу шаралары, қылмыстық істі қозғау негіздері мен сылтаулары, тергеу әрекеттерін жүргізу, айыпталушы ретінде тарту - негізгі бөлімдерін, сотта негізгі іс қарауды белгілеу, қылмысқа қатысушылардың құқығын қамтамасыз теу, апелляциялық іс жүргізудің жалпы ережелері және т.б.

#### **Студенттер игеруге міндетті:**

- танымның ғылыми әдістерін қолдана білуді;
- ғылыми мектептер мен бағыттарды жеткілікті бағдарлай білу;
- криминалистика теориясы мен заңнаманы қолдану практикасын меңгеру және бағалауда ғылыми, жеке амалдарды қалыптастыру;
- криминалистиканың негізгі ұғымдары мен мәселелерін кезектестіре алуды;
- құқық қолдану әрекетін жақсы жүргізу үшін белгілі бір әдіснамалық базаның болуы, талдау, өздігінен және сыни тұрғыда ойлау;

#### **Студенттер мына дағдыларды алулары тиіс:**

- криминалистиканың реттеуші нормалары бар нормативтік-құқықтық актілердің мәтіндерімен өз бетінше жұмыс істей білу;
- заңнаманы қолдану кезінде теориялық және практикалық мәселелерді өз бетінше талдау және анықтау;
- криминалистика нормаларына салыстырмалы талдау жүргізу;
- криминалистика реттеуші нормаларын қолдану мәселелерін өз бетінше шешу;
- іс жүргізу құжаттарын құрастыру, практикалық міндеттерді шешу;

**«Криминалистика» курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

№	Тақырыптардың атаулары	Пән кешенін ұымдастыру түрлері				Аралық бақылау	Пән кешенін ұымдастыру түрлері
		дәріс	тәж	ОСӨЖ	СӨЖ		
		сағ. саны	сағ. саны	сағ. саны	сағ. саны		
1	2	3	4	5	6	7	8
<b>1-Модуль. Криминалистиканың жалпы теориясы</b>							
1	Криминалистиканың пәні, жүйесі, міндеттері мен әдістері.	1	1	2	2	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
2	Криминалистикалық идентификация теориясы және диагностика, олардың қолданбалы мағынасы.			2	2	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
<b>2-Модуль. Криминалистикалық техника.</b>							
3	Криминалистикалық техниканың жалпы қағидалары.	1	1	2	2	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
4	Криминалистикалық фотография және бейнетаспаға жазу.			2	2	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
5	Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология).	1		2	2	Ауызша сұрау	Коллоквиум
6	Қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі.			2	2	Ауызша сұрау, конспект	Жеке бақылау
7	Құжаттардың криминалистикалық зерттеуі.	1		2	2	Ауызша сұрау	Ттапсырманы тақтада орындау
8	Адам сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім.			1	1	Ауызша сұрау, конспект	Жеке бақылау
9	Криминалистикалық тіркеулер.			1	1	Ауызша сұрау	Ттапсырманы тақтада орындау
<b>3 Модуль. Криминалистикалық тактика.</b>							
10	Криминалистикалық тактиканың тұжырымдамалық негіздері.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
11	Криминалистикалық болжамдар және тергеуді жоспарлау.			1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
12	Тергеулік қарау тактикасы және куәләндіру.	1		1	1	Ауызша сұрау	Коллоквиум
13	Тінту және алу тактикасы.			1	1	Ауызша сұрау	Жеке бақылау
14	Жауап алу және беттестіру тактикасы.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Ттапсырманы тақтада орындау
15	Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылау	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс

	тактикасы.						
16	Тергеу экспериментінің тактикасы.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
17	Тану үшін ұсыну тактикасы.			1	1	Ауызша сұрау	Коллоквиум
18	Хабарларды ұстап қалу, сөйлесулерді тыңдай отырып жазудың тактикалық тәсілдері.	1		1	1	Ауызша сұрау	Жеке бақылау
<b>4-Модуль. Криминалистикалық әдістеме.</b>							
19	Криминалистикалық сипаттама - бөлек қылмыс түрлерін тергеу әдістемесін құрудың негізі.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
20	Тактикалық операциялар және оларды қылмысты тергеу тиімділігін арттыру үшін пайдалану.	1		1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
21	Тергеуге қарсылық корсету, оларды жою жолдары.	1		1	1	1	Ауызша сұрау
22	Кісі өлтіруді тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Жеке бақылау
23	Денсаулыққа зақым келтіруді тергеу.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Тапсырманы тақтада орындау
24	Жыныстық қылмыстарды тергеу.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
25	Ұрлауды тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
26	Алаяқтықты тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Коллоквиум
27	Тонау және қарақшылықты тергеу.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Жеке бақылау
28	Қорқытып алушылықты тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
29	Жалған ақша жасау әрекеттерін тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
30	Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды тергеу.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Коллоквиум
31	Экономикалық контрабанданы тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Жеке бақылау
32	Салықтық қылмыстарды тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Тапсырманы тақтада орындау
33	Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстарды тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
34	Есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымын тергеу.	1		1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
35	Парақорлықты тергеу.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Коллоквиум
36	Жасы толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеу	1		1	1	Ауызша сұрау	Жеке бақылау

	ерекшеліктері.						
37	Ұйымдасқан қылмыстық қызметті тергеу ерекшеліктері.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Топпен жұмыс
38	Компьютерлік ақпарат ағымындағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктері.	1	1	1	1	Ауызша сұрау	Коллоквиум
	<b>Барлығы</b>	30	15	45	45		

### МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ БЕРІЛГЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ МОДУЛЬДІК-ИНТЕГРАТИВТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

	№1 модуль	№2 модуль	№3 модуль	
Проблема лық сұрақтар	<p>1. Криминалистиканың пәні, жүйесі, міндеттері мен әдістері.</p> <p>2. Криминалистикалық идентификация теориясы және диагностика, олардың қолданбалы мағынасы.</p>	<p>1. Криминалистикалық техниканың жалпы қағидалары.</p> <p>2. Криминалистикалық фотография және бейнетаспаға жазу.</p> <p>3. Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология).</p> <p>4. Қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі.</p> <p>5. Құжаттардың криминалистикалық зерттеуі.</p> <p>6. Адам сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім.</p> <p>7. Криминалистикалық тіркеулер.</p>	<p>1. Криминалистикалық тактиканың тұжырымдамалық негіздері және технологиясы</p> <p>2. Криминалистикалық болжамдар және тергеуді жоспарлау</p> <p>3. Тергеулік қарау және куәләндіру тактикасы</p> <p>4. Тінту және алу тактикасы</p> <p>5. Жауап алу және беттестіру тактикасы</p> <p>6. Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылау тактикасы</p> <p>7. Тергеу экспериментінің тактикасы</p> <p>8. Тану үшін ұсыну тактикасы</p> <p>9. Хат-хабарларды ұстап қалу, сөйлесулердің тыңдай отырып жазу тактикалық тәсілдері</p>	<p>1. Криминалистикалық сипаттама - қылмыстың бөлек түрлерін тергеу әдістемесін құру негізі ретінде</p> <p>2. Тактикалық операциялар және оларды қылмысты тергеудің тиімділігін арттыруда пайдалану тәсілдері</p> <p>3. Тергеуге қарсылық білдіру және оны жою жолдары</p> <p>4. Кісі өлтіруді тергеу</p> <p>5. Денсаулыққа зақым келтіруді тергеу</p> <p>6. Жыныстық қылмыстарды тергеу</p> <p>7. Ұрлауды тергеу</p> <p>8. Алаяқтықты тергеу</p> <p>9. Тонау және қарақшылықты тергеу</p> <p>10. Қорқытып алушылықты тергеу</p> <p>11. Жалған ақша жасау әрекеттерін тергеу</p> <p>12. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды тергеу</p> <p>13. Экономикалық контрабанданы тергеу</p> <p>14. Салықтық қылмыстарды тергеу</p> <p>15. Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстарды тергеу</p> <p>16. Есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымын тергеу</p> <p>17. Парақорлықты тергеу</p> <p>18. Жасы толмағандармен жасалған қылмыстарды тергеу ерекшеліктері</p> <p>19. Ұйымдасқан қылмыстық құрылымдармен жасалынатын қылмыстарды тергеу</p> <p>20. Компьютерлік ақпарат</p>

				ағымындағы қылмыстарды тергеу ерекшеліктері
Міндетті оқылатын әдебиетте р	1. ҚР Конституциясы. А., 1995 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 2. ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексі. А., 1997 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 3. Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс: Досудебное производство., астана, 2000 г. 4. Толеубекова Б.Х. и др. Уголовно-процессуальное право РК и особенности досудебной стадии., Астана, 2000 г. 5. Новиков А.И. Теория доказательств в уголовном процессе от прошлого к современности. Т.1. Учеб.Пос., А., 2002г. 6. Оспанов С.Д. Уголовный процесс (Общая часть) Учебник., А., 2003 г. 7. Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальное принуждение: гарантии, принципы, реализация., А., 2001г. 8. Новиков А.И. и др. Практикум по уголовно-процессуальному праву РК., А., 2002г. 9. Примерные образцы уголовно-процессуальных актов досудебного производства./Под.ред. А. Ахпанова., 2006г. 10. Гинзбург А.Я. Задержание подозреваемого в совершении преступления: процессуальные и криминалистические вопросы. Учеб-практич пос., А., 2006г. 11. Чельцов-Бебутов М.А. Курс уголовно-процессуального права. , СпБ., 1995г. 12. Уголовно-процессуальное право РФ. Учеб./П.Лупинская., М., 1998г. 13. Агутин А.В. Уголовный процесс. Практикум., М., 2000г.			

## ДӘРІС САБАҚТАРЫНЫҢ ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

### I ТАРАУ. Криминалистиканың жалпы теориясы

#### 1-тақырып. Криминалистиканың пәні, жүйесі, міндеттері мен әдістері.

Криминалистика пәні. Криминалистика зерттейтін объективтік шындық заңдылықтары.

Криминалистиканың жүйесі: Криминалистикалық техниканың жалпы теориясы, криминалистикалық тактика, криминалистикалық методика. Криминалистиканың негізгі түсініктері мен санаттары. Ғылыми білім жүйесіндегі криминалистиканың алатын орны. Криминалистика және құқықтық ғылымдар. Криминалистиканың жедел іздестіру қызметі теориясы, логика, психология, этика, жаратылыс тану және техникалық ғылымдарымен байланысы.

Қазіргі кезде қылмыстың алдын алу, тергеу және ашу жұмысын іске асыруды ішкі істер органдарымен қамтамасыз етудегі криминалистиканың міндеттері.

Криминалистика әдістері туралы ілім. Криминалистика әдістерінің жіктемесі мен сипаттамасы. Криминалистика әдістері мен қылмыспен күрес жолындағы практикалық органдар әдістерінің арақатынасы.

Қазақстан Республикасы және шетел мемлекеттеріндегі криминалистиканың даму тарихы мен қазіргі жағдайы.

#### 2-тақырып. Криминалистикалық идентификация теориясы және диагностика, олардың қолданбалы мағынасы.

Криминалистикалық идентификация түсінігі. Криминалистикалық идентификацияның ғылыми негізі мен міндеттері.

Идентификация жағдайлары. Криминалистикалық идентификация субъектілері мен объектілері, олардың түрлері мен нысандары. Идентификация және белгілі бір топқа жатқызу. Криминалистикалық идентификацияны іске асыру.

Криминалистикалық идентификацияның негізгі түсініктері: зат белгісі, идентификациялық белгі, идентификациялық аралық, идентификациялық алаң және т.б.

Криминалистикалық идентификация теориясы қағидаларының қылмысты ашудағы



тәжірибелік мағынасы.

Криминалистикалық диагностика түсінігі және мәні. Криминалистикалық диагностиканы іске асыру. Криминалистикалық диагностиканың қылмысты тергеп ашудағы мағынасы.

## **II ТАРАУ. Криминалистикалық техника.**

### **3-тақырып. Криминалистикалық техниканың жалпы қағидалары.**

Криминалистикалық техника түсінігі және құрылымы. Қылмыстық іс жүргізуде қолданылатын ғылыми-техникалық құралдардың құқықтық негіздері. Ғылыми-техникалық әдіс-құралдарды қолданатын субъектілер.

Қылмысты тергеп ашуда пайдаланылатын ғылыми-техникалық және жалпы ғылыми құралдардың жиынтығы. Жылжымалы криминалистикалық лабораториялар.

Іздерді және басқа да заттық дәлелдемелерді табу, қарау, бекіту және алуда қолданылатын ғылыми-техникалық әдіс-құралдар. Заттық дәлелдемелерді алдын-ала және сараптамалық түрде зерттеуден өткізудегі ғылыми-техникалық әдіс-құралдар.

Ғылыми-техникалық құралдардың қолдануын процессуалдық және техникалық түрде дайындау.

### **4-тақырып. Криминалистикалық фотография және бейнетаспаға жазу.**

Криминалистикалық фотография түсінігі, жүйесі және мағынасы.

Жалпы фотография негіздері. Фотоаппараттардың негізгі тетіктері және олардың жұмыстық сипаттамасы. Фотообъективтер, фотоэкспонометрлер, жарық сүзгіштер және фотоматериалдардың түрлері.

Фотографиялық процесс, оның сатылары және мазмұны.

Фотоға түсіру. Фотоға түсіруге дайындық. Фотоға түсіру техникасы. Ауыспалы оптика мен жарық сүзгіштерін қолдану. Жасанды жарық пайдалану арқылы суретке түсіру.

Негативтік процесс.

Позитивтік процесс. Басып шығару тәсілдері. Фото басып шығарушы мен көшіргіш аспабының құрылымы. Фото қағаздардың сипаттамасы. Негативке баға беру және оған фотоқағаз таңдау. Басып шығару кезінде негативтегі кейбір кемшіліктерді жою.

Бекітіп алушылық және зерттеулік фотография әдістері. Кең бұрышты телеобъективтерді қолдану арқылы түсіру. 1. Панорамалық сурет. 2. Өлшемдік сурет. 3. Stereo сурет. 4. Репродукциялық және рефлексстік сурет. 5. Қарсыластыру (контрастық) суреті. 6. Макро және микросурет. 7. Түс ажырату суреті.

Оқиға болған жерді фотоға түсіру. Фотоға түсіру приемдары: бағдарлау, шолушылық, тораптап және егжей-тегжейлі.

Басқа тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі (тінту, алу, тану үшін ұсыну, тергеу эксперименті және т.б.) суретке түсіру.

Көзі тірі адамдар мен мәйіттерді тануға ұсыну үшін суретке түсіру. Бөлек заттарды, іздерді және құжаттарды суретке түсіру.

Фотоға түсіру нәтижелерін құрастыруға ұсынылатын процессуалдық және техникалық-криминалистикалық талаптар.

Криминалистикалық бейнетаспаға жазу, оларды іске асырудағы әдіс-құралдар, қолданылатын жерлері. Криминалистикалық бейнетаспаға жазу нәтижелерінің қылмысты әшкерлеуде, қылмыскерді іздеуде, қылмыс жағдайларын дәлелдеп-анықтаудағы маңызы.

Бейнетаспаға жазу нәтижелерін процессуалдық түрде бекіту ерекшеліктері.

### **5-тақырып. Іздер туралы криминалистикалық ілім (трасология).**

Қылмыс іздері туралы түсінік, олардың түрлері. Материалдық және идеалдық іздер. Криминалистикалық із танудың заты және міндеттері. Материалдық іздердің түрі. Іздерді табу, қарау, бекіту, алу және зерттеудің жалпы ережелері.

Кескінделген іздер. Кескінделген іздер түсінігі, жіктемесі және олардың пайда болу

механизмдері.

Қол іздері, олардың криминалистикалық мағынасы. Алақан және табан беткейлеріндегі қыртыстар құрылымы. Бүртік сызықтарының қасиеттері. Бүртік өрнектері, олардың типтері, түрлері.

Қол іздерінің түрлері, Қол іздерін табу, бекіту және алудағы криминалистикалық әдістер мен құралдар. Қол іздері бар объектілермен жұмыс жасау ережелері.

Тірі адам мен мәйіттің саусақ көшірмелерін алу (дактилоскопировать ету). Қол іздерін криминалистикалық зерттеуден өткізу барысында шешілетін мәселелер. Сараптамаға материалдарды таңдау және жіберу.

Адам аяғының іздері, олардың криминалистикалық мағынасы. Аяқ іздерінің түрлері. Аяқ іздерінің жолы және оның элементтері. Аяқ іздерін табу, қарау, бекіту және алу әдіс-тәсілдері. Аяқ іздерінің жолын және оқиға болған жердегі жалғыз аяқ ізін зерттеумен шешілетін сұрақтар.

Аяқ іздері трасологиялық сараптамасының шешетін сұрақтары. Сараптамаға материалдарды таңдау.

Адам тісінің іздері, олардың криминалистикалық маңызы. Аталмыш іздерді бекіту және алу тәсілдері. Тіс іздерінің сараптамасы.

Жануарлар іздері, оларды қарау, бекіту және алу. Қылмысты тергеп ашуда жануарлар іздерін пайдалану.

Транспорт құралдарының іздері, олардың түрлері, жасалу механизмі және криминалистикалық маңызы. Транспорт құралдарының іздерін табу, бекіту және алудағы ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер. Транспорт құралының бағытын көрсететін белгілер. Транспорт құралдарының іздерінде кескінделген белгілер бойынша оның моделі мен типін анықтау. Оқиға нәтижесінде транспорт құралдарында қалатын іздер. Транспорт құралдарының іздерін криминалистикалық зерттеуден өткізгенде шешілетін мәселелер. Сараптамаға материалдарды таңдау.

Сындыру саймандары мен құралдарының іздері, олардың криминалистикалық маңызы. Сындыру саймандары мен құралдары іздерінің түрлері, олардың жіктелуі және жасалу механизмі.

Сындыру саймандары мен құралдарды және олардан қалған іздерді табу, қарау, бекіту және алу әдіс-тәсілдері. Осы іздердің сараптамасы шешетін сұрақтар, материалдарды таңдау және жіберу.

Заттар қылмыс іздері ретінде.

Құлыптар және басқа да бекіту құрылғыларын криминалистикалық зерттеуден өткізу, олардың жіктелуі және құрылысы. Құлыптарды ашу және бұзу тәсілдері. Құлыптарды ашылуын және бұзылуын көрсететін белгілер. Құлыптарды қарау, бекіту және алу. Құлыптарды криминалистикалық зерттеуден өткізу барысында шешілетін сұрақтар.

Пломбалардың криминалистикалық зерттеуі. Пломбалар құрылымы. Көп кездесетін пломбаларды бұзу тәсілдері. Пломбалардың криминалистикалық сараптамасы шешетін мәселелері, оған жіберетін материалдарды дайындау.

Нәрселер қылмыс іздері түрінде: түрлері және олардың криминалистикалық мағынасы.

Микрообъектілер. Микрообъектілер түсінігі мен жіктелуі. Микрообъектілерді табу, алу және зерттеу әдіс-құралдары. Микротрасологиялық зерттеулердің криминалистикалық маңызы. Микрообъектілерді қылмыскерлерді іздеуде және қылмысты ашуда пайдалану.

Криминалистикалық істерді тану (одорология) негіздері. Есірткі заттарды табуда одорология әдістерін пайдалану.

**6-тақырып. Қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі.**

Қару, оқ-дәрі және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуінің түсінігі, объектілері және мағынасы.

Атыс қаруын қолдану салдарынан пайда болған іздер, олардың жіктелуі, пайда болу механизмі. Атылған гильза және оқ үстіндегі қару бөлшектерінен қалған іздер. Атыс

жарақаттары және олардың белгілері. Негізгі және қосымша атыс іздері.

Қару және олардың іздерін (гильза, ок, бытыра, тығын және атыс іздері орналасқан заттар) табу, қарау, бекіту және алу. Қару мен қару-жарақтарды қарау кезіндегі сақтандыру шаралары.

Сот-баллистикалық сараптама шешетін сұрақтар: идентификациялық, жіктемелік және диагностикалық. Сараптамаға жіберілетін материалдар.

Суық қарудың және оны қолданудан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі. Суық қарудың жіктемелік белгілері. Суық қарудың механикалық түрде әсер етуінің іздері. Суық қаруды белгілі бір топқа жатқызу және идентификациялау.

### **7-тақырып. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуі.**

Құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуінің түсінігі мен шешетін міндеттері. Құжаттардың толық және жартылай жасандылығы.

Құжат мәтініндегі өзгерістерді табу. Өшіру, түзету, үстінен жазу, үстінен басу, уландыру және жуып-шаю белгілері. Мөр және штамп көшірмелерінің, құжат бланктерін қолдан жасағандығын табу. Қойылған қолдың техникалық жасандылығына итермелейтін белгілерін анықтау.

Жыртылған, жанған, әлсін көрінетін, түссізденген, үстіне сия төгілген мәтіндерді, қағаздарды, бояуларды, желім және т.б. сараптамалық зерттеуден өткізу мүмкіндіктері. Құжаттың жасын анықтау мүмкіндіктері.

Сараптамаға материалдарды таңдау. Құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасын жүргізу әдістемесі жайлы қысқаша мәліметтер.

Мәшінкеге басылған мәтіндерді зерттеу. Мәшінкелердің жалпы және жеке белгілері. Мәшінкеге басылған мәтіндердің криминалистикалық зерттеуі шешетін сұрақтар. Сараптамаға материалдар дайындау.

### **8-тақырып. Адам сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім.**

Криминалистикалық габитология түсінігі мен мазмұны, оның жаратылыс тану ғылымилық негіздері.

Адам сырт келбетінің белгілері мен элементтері, оның жіктемесі.

«Ауызша портрет» түсінігі, оның тергеулік, жедел іздестірушілік және сараптама тәжірибесінде қолданылуы. Адам сырт келбетін «ауызша портрет» әдісімен суреттеу ережелері.

Анатомиялық, функционалдық белгілерді, көзге ұрар және ерекше белгілерді суреттеу.

Адам сырт келбетін сипаттайтын киім-кешек пен басқа да заттарды суреттеу.

Іздеудегі белгілі тұлғаның, белгісіз қылмыскерлердің және танылмаған мәйіттердің сыртқы белгілері туралы ақпараттардың шығу тегі. Субъективтік портреттер түрлерін (салынған, фотокомпозициялық) құрастыру. Субъективтік портреттерді дайындаудың қазіргі кездегі техникалық құралдары.

Криминалистикалық портреттік сараптаманың негіздері. Портреттік сараптама шешетін сұрақтар. Сараптамаға материалдар дайындау. Адам сырт келбет белгілері туралы мағлұматтарды ақпараттық іздеу жүйелерінде қолдану.

### **9-тақырып. Криминалистикалық тіркеулер.**

Криминалистикалық тіркеулердің түсінігі, түрлері. объектілер және нысандары. Криминалистикалық тіркеулердің жұмыс жасауындағы ғылыми және құқықтық негіздері.

Ішкі істер органдарының криминалистикалық тіркеулері. Тіркеуге отырғызу тәртібі, мүмкіндіктері және тіркеулік ақпарат алу жолы.

Автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйелері. Криминалистикалық тіркеулерді қылмыспен күресте пайдаланудың негізгі бағыттары. Криминалистикалық тіркеулерді пайдалану тиімділігін арттыру міндеттері.

## **III ТАРАУ. Криминалистикалық тактика.**

## **10-тақырып. Криминалистикалық тактиканың тұжырымдамалық негіздері және технологиясы.**

Криминалистикалық тактика түсінігі және жүйесі. Криминалистикалық тактика ғылыми білім жүйесінде. Криминалистикалық тактиканың қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, сот психологиясы, жедел іздестіру қызметінің теориясы, басқару ғылымы, логика және этикамен байланысы.

Тактикалық тәсілдер, оларды қолдану шарттары: құқықтық, шектілік (рұқсаттылық), мақсаттылық.

Тактикалық комбинацияны: түсінігі, жіктемесі, шектіліктің (рұқсаттылық) жалпы жағдайлары. Процессуалдық әрекет тактикасы. Процессуалдық әрекеттерді жүргізуге дайындық, оны жүргізу, жолы мен нәтижелерін бекіту.

## **11-тақырып. Криминалистикалық болжамдар және тергеуді жоспарлау.**

Криминалистикалық болжамдар түсінігі мен мәні. Криминалистикалық болжамдар жіктемесі. Жалпы, жеке, тергеулік, сараптамалық, жедел іздестірушілік, соттық, алғашқы және келесі болжамдар.

Болжамдарды құру және тексеру. Тергеулік болжамдарға қойылатын талаптар. Болжамдарды құру барысында қолданылатын логикалық ойлау тәсілдері. Болжамдарды құру негізі. Болжамдарды тексеруге негіз және оларды тексеру тәсілі.

Тергеуді жоспарлаудың түсінігі және негізгі қағидалары. Тергеудің әртүрлі кезеңдеріндегі жоспарлаудың ерекшеліктері. Тергеудің алғашқы, келесі және соңғы кезеңдеріндегі жоспарлау. Жедел іздестіру шараларынан алынған материалдармен қозғалған қылмыстық іс бойынша тергеуді жоспарлаудың ерекшеліктері. Тергеушілер тобы жүргізетін тергеуді жоспарлау. Тергеу жоспарының жазбаша нысаны және болжам кұруда, тергеуді жоспарлауда электрондық санау мәшінкелері мен басқа да техникалық құралдар мүмкіндігін пайдалану.

## **12-тақырып. Тергеулік қарау және куәләндіру тактикасы.**

Тергеулік қараудың түсінігі, мәні және міндеттері. Тергеулік қарау түрлері, қағидалары және олардың жіктемесі. Қарау барысында техникалық құралдар мен маман көмегін пайдалану. Оқиға болған жерді қарау тергеу әрекеттерінің жүйесінде. Оқиға болған жер (қылмыс орны) түсінігі және оны қарау кезіндегі міндеттер. Оқиға болған жерді қарауды ұйымдастыру. Оқиға болған жерге тергеуші келгенше басқа құқық қорғау органдары мен қызметтерінің әрекеттері. Оқиға болған жерді қарау үшін тергеулік-жедел іздестірушілік топты құрастыру. Оқиға болған жерді қарау мақсатында криминалистикалық және басқа да техникалық құралдарды әзірлеу. Оқиға болған жерді қарау кезеңдері (сатылары): дайындық, жұмыстық, соңғы. Оқиға болған жерді қарау тәсілдері. Оқиға болған жерден табылған заттық дәлелдемелер мен іздерді алдын ала тергеуден өткізу мүмкіндігі мен маңыздылығы. Негативтік жағдайлар. Қылмысты жасағансу белгілері. Оқиға болған жерді қараудың жедел іздестіру шараларымен ұштасуы.

Мәйітті табылған жерінде сыртынан қарау. Мәйітті қайталап және қосымша қараудан өткізу. Тергеулік қараудың басқа да түрлері. Заттық дәлелдеме болатын заттар мен құжаттарды қарау. Жануарлар және олардың өліктерін қарау. Оқиға болған жерге жатпайтын аулалар мен бөлмелерді қарау. Қараудың тактикалық тәсілдері. Транспорт құралдарын қарау ерекшеліктері. Тергеулік куәләндіру. Қылмыс іздері немесе ерекше белгілерді ажырату мақсатында айыпталушы, күдікті, жәбірленуші, куә денесін қарау ерекшеліктері.

## **13-тақырып. Тінту және алу тактикасы.**

Тінту және алу түсінігі мен міндеттері. Тінту түрлері мен сатылары. Тінту жүргізу туралы шешім қабылдау. Тінтуге дайындық. Айыпталушының жеке басы, оның байланысы, тінту орны, түпнұсқалы объектілер және тінтудің басқа да шарттары жайлы ақпараттарды жинап-зерттеу. Тінтуді жоспарлау. Тергеулік-жедел іздестірушілік топты құру және оған нұсқау беру. Тінту кезінде маманды қатыстыру. Ғылыми-техникалық және көмекші құралдарды әзірлеу. Көлік және байланыс құралдарымен қамтамасыз ету.

Тұрғылықты бөлмеде тінту жүргізудің тактикалық тәсілдері. Қызмет бөлмелерінде тінту

жүргізу ерекшеліктері. Аулаларды, көлік құралдарын тінту. Құпия орын түрлері және оларды табу тәсілдері. Қосымша және қайталап тінту.

Тінтудің алудан айырмашылығы. Алуға дайындық және оны жүргізудегі тактикалық тәсілдер. Тінту және алу жолдары мен нәтижелерін бекіту.

#### **14-тақырып. Жауап алу және беттестіру тактикасы.**

Жауап алу мен беттестірудің түсінігі және мәні. Жауап алу мен беттестіру тактикасының жалпы қағидалары. Жауап алу мен беттестірудің түрлері. Жауап алу принципі. Жауап алу әрекетін дайындау. Жауап алу мен беттестіру үшін түпнұсқалы мәліметтер жинау. Жауап алудың тактикалық қамтамасыздығы, ұйымдастырушылық және техникалық жағынан қамтамасыз ету. Маман, сарапшы, аудармашы, қорғаушының қатысуымен жүргізілетін жауап алу тактикасының ерекшелігі. Жедел іздестірушілік шараларымен алынған дәлелдемелер мен ақпараттарды жауап алу мен беттестіру кезінде пайдалану. Жауап алуды бекіту құралдары мен тәсілі.

Куә және жәбірленушіден жауап алу тактикасының жалпы ережелері. Жауап беріп отырғанның өз еркімен баяндауы және сұрақтар кою тактикасы. Есіне түсірудің тактикалық тәсілдері. Жәбірленушіден жауап алу ерекшелігі. Күдікті және айыпталушыдан жауап алуда қолданылатын тактикалық тәсілдер. Алиби тексеру. Жауап берушінің өтірігін шығару мақсатында жауап алу тактикасының ерекшелігі. Сезімге бой алдырушылық және логикалық ықпал ету тәсілдері. Тактикалық-криминалистикалық комбинациялар. Бірнеше куәлардың қатысуымен жауап алу. Жасы толмағандардан жауап алу тактикасы ерекшеліктері. Беттестіру түсінігі мен міндеттері. Беттестіруге дайындық. Беттестіру кезінде жауап алу тәртібі туралы шешім қабылдау. Беттестіру кезіндегі тактикалық тәсілдер. Беттестіру үстінде жауап алу кезінде дәлелдемелерді пайдалану. Жауап алу жолы мен нәтижелерін бекіту. Бекітудің негізгі құралы. Бекітудің қосымша құралдары.

#### **15-тақырып. Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылау тактикасы.**

Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылаудың түсінігі және криминалистикалық міндеттері. Аталмыш тергеу әрекетінің басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы. Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылауды іске асыру кезінде шешім қабылдау.

Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеру және нақтылауға дайындық. Көрсетулерді оқиға болған жерде тексеріліп-нақтыланатын адамнан қосымша жауап алу қажеттілігі. Тергеулік-оперативтік топты құрастыру. Аталмыш тергеу әрекетін жүргізу кезінде қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар. Көлік, байланыс құралдарымен және күзетпен қамтамасыз ету. Көрсетулерді тексеру және нақтылау жерін тергеушімен алдын ала зерттеу.

#### **16-тақырып. Тергеу экспериментінің тактикасы.**

Тергеу экспериментінің түсінігі, мәні және мақсаттары. Тергеу экспериментінің түрлері. Тергеу экспериментіне қатысушылар. Тергеу экспериментінің психологиялық және этикалық негіздері. Аталмыш тергеу әрекетінің басқа тергеу әрекеттерінен айырмашылығы.

Тергеу экспериментіне дайындық, оның кезеңдері мен міндеттері. Тергеу экспериментін жүргізу кезіндегі жағдайды қалпына келтіру, оның шарттары мен мүмкіндіктері. Тергеу эксперименті жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану, мүляждар қолдану.

Тергеу экспериментін жүргізу тәсілдері мен тактикалық жағдайлары. Тергеу эксперименті өткізуді және оның нәтижелерін бекіту. Тергеу экспериментінің нәтижелеріне баға беру және оның тергеу үшін маңыздылығы.

#### **17-тақырып. Тану үшін ұсыну тактикасы.**

Тану үшін ұсыну түсінігі, мақсаты және түрлері. Тану үшін ұсыну криминалистикалық идентификацияның бір түрі ретінде. Тану үшін ұсынуды жүргізу туралы шешім қабылдау. Тану үшін ұсынуға дайындық. Танушыдан алдын ала жауап алу. Тану үшін ұсыну жағдайларын таңдау. Адамдарды тану үшін ұсынудағы объектілерді таңдау. Дауыс және сөйлеген сөзі

бойынша тану үшін ұсыну ерекшелігі. Мәйітті тану үшін ұсыну ерекшелігі. Заттарды, бөлмелерді, аулаларды, жануарларды, фото және бейнетаспа кескіндерін, фонограммаларды тану үшін ұсыну тактикасы. Өтірік таныған кездегі тергеуші кимылдары. Тану үшін ұсыну жолдары мен нәтижелерін бекіту.

#### **18-тақырып. Хат-хабарларды ұстап қалу, сөйлесулерді тыңдай отырып жазу тактикалық тәсілдері.**

Қозғалған қылмыстық істер бойынша хабарларды ұстап қалу, сөйлесулерді тыңдай отырып жазып алу түсінігі және мақсаттары. Аталмыш тергеу әрекетін жүргізу шарты.

Тергеу әрекетін жүргізуге дайындық. Сөйлесулері тыңдауға жататын адамдар шеңберін анықтау. Ұстап қалу және тыңдауға қатысты тергеушімен шешім қабылдау. Хабарларды ұстап қалу мен сөйлесулерді тыңдай отырып жазып алуды ПМ-нің органдарына жүктеу. Ұстап қалу мен тыңдауды тергеушінің өзімен ұйымдастыруы. Алынған ақпаратпен алмасу және іске асыруға байланысты анықтама органдарымен өзара әрекеттестігі.

Ұстап қалу және тыңдау материалдарын анықтама органынан тергеушіге келіп түсуі. Фонограмманы қарау, оны қылмыстық іс материалдарына тіркеу. Тергеу кезіндегі тактикалық тәсілдер. Фоноскопиялық сараптама.

#### **IV ТАРАУ. Криминалистикалық әдістеме.**

#### **19-тақырып. Криминалистикалық сипаттама - қылмыстың бөлек түрлерін тергеу әдістемесін құру негізі ретінде.**

Криминалистикалық сипаттаманың түсінігі. Нақтылы қылмыс түрлерінің криминалистикалық сипаттамасы элементтерінің мөлшері мен мазмұны. Криминалистикалық сипаттама нақтылы қылмыс түрлерін тергеу әдістемесін құру негізі ретінде. Қылмыс туралы ақпарат түпнұсқасының криминалистикалық сипаттамасы. Қылмыстың жасалу тәсілінің, күдікті (айыпталушы) жеке басының, жәбірленуші тұлғасының, қылмыс қастандығы заттарының, қылмыстың жасалу жағдайларының (уақыты, орны, шарты) және тағы басқалардың криминалистикалық сипаттамасы.

#### **20-тақырып. Тактикалық операциялар және оларды қылмысты тергеудің тиімділігін арттыруда пайдалану тәсілдері.**

Тактикалық операция түсінігі. Тактикалық операцияның тергеулік әрекеттер және жедел іздестіру шараларымен арақатынасы. Тактикалық операция қылмысты ашудағы тиімді әдіс-кимылдар жүйесі ретінде. Түпнұсқалық мәліметтер және тактикалық операцияны қайта қалпына келтіру тәсілдері.

Тактикалық операцияны қылмыстық іс қозғау сатысында және кідірілмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде пайдалану. Тергеу барысындағы тактикалық операциялардың алатын орны.

#### **21-тақырып. Тергеуге қарсылық білдіру және оны жою жолдары.**

Тергеуге қарсылық білдірудің түсінігі, мазмұны және субъектілері. Қылмысты және оған қатысушылар, келген зардапты жасыру нысанындағы тергеуге қарсылық білдіру. Қылмысты жасыру тәсілдері. Жасағансу жолымен қылмысты жасыру.

Жәбірленуші жағынан қылмысты жасырушылық. Сырттай тергеуге қарсылық білдіру тәсілдері мен нысандары. Тергеуге қарсылық білдіру жоюдың әдіс-тәсілдері.

#### **22-тақырып. Кісі өлтіруді тергеу.**

Қылмыстық істі қозғау.

Оқиға болған жерді, мәйітті және басқа да заттық дәлелдемелерді қарау. Қарау нәтижелерін тергеудің жалғасында пайдалану.

Кісі өлтіру ісіндегі болжамдар. Тергеудің алғашқы кезеңін жоспарлау. Кісі өлтіруді әшкерелеу барысындағы тергеуші мен жедел іздестіру қызметкері арасындағы әрекеттестік

ерекшеліктері.

Қылмыскерді іздеп-анықтаудағы ішкі істер болімшелерінің мүмкіндіктері.

Күдіктіні ұстау. Жеке басын тінту. Күдіктіні куәландыру. Мекен-жайы мен жұмыс орнын тінту. Күдіктіден жауап алу.

Куәларды анықтап, олардан жауап алу. Субъективтік порреттер құрып, оларды іске асыру әдістемесі.

Сот-медициналық сараптама. Мәйіг және оның бөлшектерін тану үшін ұсыну. Кісі өлтіру ісі бойынша жүргізілстін басқа да сараптамалар түрлері.

Тергеу эксперимент! Корсетулсрді оқиға болған жсрдс тсксеру және нақтылау. Әрі карай іске асырылатын тергеу орекетгер жяпе олардың жедел іздестіру шараларымен ұштасуы.

Мәйітті бөлшектеумен ұштасатын кісі өлтіруді тергеу ерекшеліктері.

Танылмаған мәйіг табылған кездегі тергеудің ерекшеліктері. Өзін-өзі өлтірумен, абайсызда немесе өз бетінше өлумен бүркемеленген, кісі өлтірулерді тергеу ерекшеліктері.

Өзін-өзі өлтіруге әкеп соқтырғап істер бойынша тергеудің ерекшеліктері. Хабар-ошарсыз жоғалған адамға байланысты қозғалған істер бойынша тергеудің ерекшеліктері. Тапсырыс бойынша жасалған кісі өлтіруді тергеу ерекшелігі.

### **23-тақырып. Денсаулыққа зақым келтіруді тергеу.**

Денсаулыққа зақым келтіруге байланысты қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы. Дәлелдеуге жататын жағдайлар. Алғашқы тергеу әрекеттері.

Жәбірленуші және куәлардан жауап алу. Оқиға болған жерді және заттық дәлелдемелерді қарау. Күдіктіні анықтап, одан жауап алу. Сот-медициналық сараптамасын тағайындау. Басқа да сараптамалар түрлері. Әрі карай іске асырылатын тергеу әрекеттері. Ұрып-соғу мен азаптауды тергеу ерекшеліктері.

### **24-тақырып. Жыныстық қылмыстарды тергеу.**

Жыныстық қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы. Дәлелдеуге жататын жағдайлар. Қылмыстық істерді қозғаудың ерекшеліктері.

Алғашқы тергеу әрекеттері және олардың жедел іздестіру шараларымен ұштасуы. Типтік болжамдар сипаты және тергеуді жоспарлау.

